**Шал ақын ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілерге тіркелген салықтың бірыңғай төлемақыларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 25/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 маусымда N 13-14-102 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 23/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 30.03.2018 № 23/5 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Бюджетке төленетін салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99–IV Кодексінің 422-бабы 2-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Шал ақын ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілерге тіркелген салықтың бірыңғай төлемақылары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан күннен күнтізбелік он күн өткен соң іске енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудандық мәслихаттың XXV сессиясының төрағасы Т. Охоба* | *Аудандық мәслихаттың хатшысы Н. Дятлов* |

КЕЛІСІЛДІ:
Қазақстан Республикасының Қаржы
Министрлігі Салық комитетінің
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
Салық Департаментінің "Шал ақын
ауданы Бойынша салық басқармасы"
Мемлекеттік мекемесінің бастығы
Е.С. Әбдуәлиев
2010 жылғы 29 сәуір

Шал ақын ауданы мәслихатының 2010 жылғы 29 сәуірдегі XXV сессиясының № 25/4 шешіміне қосымша

## Шал ақын ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілерге тіркелген салықтың бірыңғай төлемақысы (айына салық салу бірлігіне)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2011.12.21 N 44/3 Шешімімен

| № | Кәсіпкерлік қызметтің түрі | Бекітілген салықтың бірыңғай ставкасы (айлық есептік көрсеткіштерінде) |
|---|---|---|
| 1 | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы | 1 |
| 2 | Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы | 1 |
| 3 | Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютері | 1 |
| 4 | Ойын жолы | 5 |
| 5 | Карт | 2 |
| 6 | Бильярд үстелі | 5 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК